

**СУ МАМАНЫ**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ**

5-БЕТ | ҚОҒАМ



**АБАЙ МЕКТЕБІНДЕГІ ӘН МЕН КҮЙ**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Елдіктің жолында өзіңнен зорды
құрметтей білу – биік адамгершілік,
өзіңмен теңге құлақ асып, қызмет етіп,
тілек тілесе білу – ұлы адамгершілік.*

**Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ**

№14
(4758)
Бейсенбі
6 ақпан
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ



4

# ЖҰРТҚА ҚАЖЕТ ӨНІМДЕР ҮЛЕСІ ӨСТІ

Астанада бүгінгі таңда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін шығаратын 30-дан астам кәсіпорын және өндірістік жылыжай шаруашылықтары жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындарда, негізінен, ұн тартылып, нан-тоқаш және макарон өнімдері дайындалады. Алдағы үш жылда елордада аграрлық-өнеркәсіптік кешен саласында 181 миллиард теңге көлемінде 7 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

## БІРЫҢҒАЙ ТҮБІРТЕК ЕНГІЗІЛЕДІ



Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі коммуналдық қызметтер үшін бірыңғай түбіртекті енгізеді. Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жаннат Дүбірова мәлім етті.

«Өткен жылдың қараша айынан бастап барлық коммуналдық қызметке бірыңғай түбіртек енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Түбіртек барлық төлемді шоғырландыруға арналған. Төлеушілерге ыңғайлы болу үшін барлық ақпарат бір түбіртекте жинақталады. Біздің мақсатымыз – бұл жүйені қалаларда ғана емес, аудан орталықтары мен ауылдарда да қолжетімді ету. Бір түбіртек екінші деңгейлі банктер арқылы онлайн режимде беріледі және оны оңай төлеуге болады. Сұраныс бойынша қағаз нұсқасы да қолжетімді. Облыс әкімдіктері жұмысқа кірісіп кетті» деп атап өтті вице-министр.



**«БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!»**
ДАБЫЛЫ БОЙЫНША АУМАҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚҰЛАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРУ МАҚСАТЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ КЕЙБІР ӨҢІРЛЕРІНДЕ 2025 ЖЫЛҒЫ 6 АҚПАНДА САҒАТ 11:00-ДЕ БАРЛЫҚ ДЫБЫСТЫҚ ЭЛЕКТР ДАБЫЛЫ ҚОСЫЛАДЫ.



## QR-КОД БЕРІЛЕДІ

Қазақстанға келетін шетел азаматтарының қауіпсіздігін қамту мақсатында жаңа платформа іске қосылды. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі хабарлады.

«Енді әрбір Қазақстанға келген шетелдік азаматқа елге кірген бойда, сондай-ақ шекара бақылауынан өткен кезде электронды көп тілді QR-коды бар арнайы карта беріледі. Шетелдік қонақ QR-кодтың көмегімен порталға (safetravel.kz) өтеді, ол жерде қауіпсіз жүріп-тұруға қатысты барлық ақпарат, ұсыным мен пайдалы мобильді қосымшалар қолжетімді болады» деп түсіндірілген министрлік хабарламасында.

Ведомствоның мәліметінше, QR-коды бар алғашқы карталар елорданың әуежайында шетелдік қонақтарға табыстала бастады.



Кәсіпқой бокстан WBO және IBF нұсқасы бойынша әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы 5 сәуір күні Астанада кезекті жекпе-жегін өткізеді.

Жәнібек Әлімханұлы (16-0, 11 КО) француз боксшысы Анауэль Нгамиссенгемен (14-0, 9 КО) жұдырықтасады. Бұл жекпе-жекте Жәнібек Әлімханұлы орта салмақтағы IBF және WBO чемпиондық атағын қорғайды. Қазақ боксшысы ESPN нұсқасы бойынша рейтингте бірінші нөмірде тұрса, Нгамиссенге жетінші орынға орналасқан. Отандасымыз WBO чемпиондық атағын бесінші рет, IBF белбеуін екінші рет қорғайды.



# 614 МЫҢ АДАМНЫҢ ҚАРЫЗЫ КЕШІРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады. Президентке қаржы нарығын дамыту саласының былтырғы қорытындылары туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа банк секторында тұрақтылық сақталып тұрғаны жөнінде баяндалды. 2024 жылдың басынан бері банктердің активтері 19,7 пайызға, яғни 61,6 триллион теңгеге дейін өсті. Экономиканы кредиттеу 20,9 пайызға немесе 33,8 триллион теңгеге дейін ұлғайды. Банктердің жұмыс істемейтін активтері – 3,1 пайыздан төмен деңгейде.

Агенттік 21 банкке жыл сайынғы қадағалау-бағалау жұмыстарын аяқтады. Сондай-ақ 11 банктің активі сапалық тұрғыдан бағаланып, стресс-тестілеу жүргізілді. Аталған шара банк жүйесі активтерінің 85 пайызын қамтыды. Бұған қоса, 400 миллиард теңге көлемінде мемлекеттің қолдау қаражаты мерзімінен бұрын қайтарылды.

Мәдина Әбілқасымова стрестік активтер нарығын дамытуды көздейтін заңнамалық түзетулер қабылданып, осы тектес активтерді сатуға арналған алғашқы цифрлық платформа іске қосылғанын айтты. Бәсекелестікті күшейту үшін банк секторына Оңтүстік Кореядан, Қатар Мемлекетінен және Біріккен Араб Әмірліктерінен шетелдік банктер тартылды.

Мемлекет басшысына нақты сектор мен бизнес субъектілерін несиелеу туралы мәлімет берілді. 2024 жылы бизнеске берілген кредиттер 16,3 пайызға немесе 13,1 триллион теңгеге дейін ұлғайған. Бұл ретте бизнеске 18,2 триллион теңге сомасына жаңа займдар берілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықтың шамадан тыс кредит алуын төмендету жөнінде берген тапсырмасына сәйкес, 2024 жылғы маусымда кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқығын қорғау бағытында заң қабылданды. Сонымен қатар 614 мың азаматтың 210 миллиард теңге сомасындағы проблемалық берешегі қайта құрылымдалды, ішінара немесе толық кешірілді. Агенттік төрағасы азаматтарды қаржылық алаяқтықтан қорғау мақсатында заңнамалық түзетулердің жаңа топтамасы әзірленгенін жеткізді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына сақтандыру нарығын цифрландыру нәтижесі таныстырылды. Азаматтардың тұрғын үйлерін апат тәуекелдерінен міндетті сақтандыру моделі әзірленді. Кредиттік рейтинг агенттіктері туралы, Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы заң жобалары дайындалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев агенттікке қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, нақты секторды кредиттеу аясын одан әрі кеңейту, қаржылық қызметтерде тұтынушылардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛДАРЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша алқа отырысы өтті. Оған Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы Бақытжан Сариев, Президент Әкімшілігінің лауазымды тұлғалары, Парламент депутаттары, Мемлекеттік қызметтің өңірлік хабы, қоғамдық ұйым өкілдері, агенттік жанындағы алқалы органдардың мүшелері қатысты.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік қызметті жаңғырту бойынша алға қойған міндеттердің сервистік және адамға бағдарланған қағидаттары негізінде жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Өткен жылы агенттіктің бастамасымен мемлекеттік қызметті жетілдіруге байланысты «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға 7 заңмен өзгерістер енгізіліп, 26 нормативтік құқықтық акті қабылданды.

Мемлекеттік қызметтің гибридті моделі негізінде мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, тиімді HR-құралдарын енгізу, мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін нығайтуды көздейтін Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамаға сәйкес агенттік «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң жобасын әзірледі. Жаңа заң мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарымен қатар қоғам мен мемлекеттік аппараттың өзара іс-қимылының жаңа парадигмасын реттейді. Сондай-ақ іріктеу жүйесін жаңғырту, ерте кәсіби бағдарлау механизмдерін енгізу, горизонталды өсу мүмкіндіктерін қарастыру, қызметшілерге әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту мәселелерін қайта қарау көзделген. Заң жобасы аясында 70-ке жуық заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жаңа редакцияда әзірленеді.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жоюға бағытталған жұмыстардың нәтижелеріне тоқталды. Агенттіктің келісімі бойынша жеке және квазимемлекеттік сектордан 184 маман басшы лауазымдарға тікелей тағайындалды. Соңғы екі жылда жоғары оқу орындарын үздік бітірген 445 түлек конкурс өткізілместен аудандық және ауылдық деңгейдегі лауазымдарға жұмысқа орналасты.

«Бұл білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға және шалғай өңірлердегі кадр тапшылығын шешуге оң ықпалын тигізуде» деді агенттік төрағасы.

Мемлекеттік қызметтегі онлайн-іріктеу жүйесі жоғары тиімділікті көрсетті. Автоматтандырылған «eQyzmet» 68 мемлекеттік органда сәтті іске асырылып, биыл қалған 26 мемлекеттік органдарға енгізу аяқталады. Бір бос орынға жарияланған конкурсқа үміткерлер дәстүрлі іріктеумен салыстырғанда орта есеппен бір жарым есеге артты.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметтегі кадрлық процестерді цифрландыру аясында «eQyzmet» жүйесінде цифрлық рейтинг модулі іске қосылғанын айтты. Модуль электрондық жеке істердің деректері негізінде саяси және «А» корпусы лауазымдарына жоғары тәжірибесі мен білігі бар әлеуетті үміткерлердің тізбесін жасауға мүмкіндік береді.

Агенттік төрағасы Мемлекет басшысының ауыл және аудан әкімдерінің білігін арттыру бойынша берілген тапсырмасына сәйкес Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында озық тәжірибелерді ескере отырып, бұл міндетті сапалы орындау тәсілдерін пысықтау қажеттілігіне тоқталды.

Алқа отырысының қорытындысы бойынша Дархан Жазықбай агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері басшылары алдында халықтың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыруға бағытталған стратегиялық міндеттерді сапалы іске асыру бойынша бірқатар тапсырма жүктеді.

# ЕЛІМІЗДЕ ҚЫЛМЫС САНЫ АЗАЙҒАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Мемлекет басшысына елдегі криминогендік жағдай және ішкі істер органдарының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру барысы жөнінде ақпарат берілді.

Мемлекет басшысына елімізде қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде былтыр қылмыс саны 12,7 мыңға азайғаны баяндалды. Соңғы жылдары қылмыс деңгейінің, әсіресе, кісі өлтіру, қарақшылық, тонау мен ұрлық сияқты аса ауыр қылмыс түрлері көрсеткіштерінің айтарлықтай



төмендеуі байқалады. Сонымен қатар тергеудің заманауи әдістерін енгізу арқылы қылмыстың барлық санаты бойынша ашылуы жақсара түскен. Ержан Сәденов қылмыскерлерді іздестіру жұмыстарының нәтижесі туралы айтты. 2024 жылы полиция іздеуде жүрген 1949 адамды ұстаған.

Мемлекет басшысына ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысқаны үшін 264 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Министрдің айтуынша, соңғы 12 айда есірткі таратуға қатысты ақпарат жариялаған 7500-ге жуық интернет-ресурс анықталды, 22 тоннаға жуық есірткі айналымға жіберілмеді, 64 есірткі зертханасы жойылды. Интернет-алаяқтардың 65 миллион қоңырауы бұғатталды. Нөмірлерді ауыстыруға арналған 48 SIM-box құрылғысы әшкереленді. Алаяқтардың 2 миллиард теңгеден астам қаржыны елден шығаруына жол берілмеді.

Ведомство басшысы кәмелет жасына толмағандардың құқығын қорғау, көші-қонды бақылауды күшейту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы хабардар етті. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

# ИНТЕРНЕТПЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында республикалық маңызы бар жолдарды интернетпен қамтамасыз ету және көлік саласындағы инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі мәселелер талқыланды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады.

Министрдің айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстандағы жол саласының цифрлық трансформациясы азаматтар үшін неғұрлым қауіпсіз әрі жайлы көлік ортасын құруға бағытталған. Қазіргі кезде мына бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуде: жолдарда интернетті енгізу; мемлекеттік қызметтерді цифрландыру; Astana Hub арқылы инновациялық жобаларды іске асыру. Инфрақұрылым бөлігінде автожолдарды интернетпен қамту жұмыстары жүргізіліп келеді.

2024 жылы көшпелі тексеру, дыбыс деңгейін өлшеу және интернетсіз учаскелерді анықтау арқылы автожолдарды егжей-тегжейлі талдау аяқталды. Нәтижесінде I кезеңде республикалық жолдар бойында 243 антенна-діңгек құрылысы орнатылады. Осы мақсатта 104 антенна-діңгек құрылыстары бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылы республикалық және облыстық жолдардың 100%-ы мобильді интернетпен қамтылады.

«Қазірдің өзінде жасанды интеллектінің салаларға еніп жатқанын атап өткім келеді. Мысалы, жасанды интеллект көмегімен автожолдарды диагностикалау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Smart Road Diagnostic System жүйесі арқылы автожолдардың тегістілігі мен табандылығына қатысты 2024 жылы 15 мың шақырым жол диагностикаланды. Компания – Astana Hub-тың резиденті. Автожол саласында үш мемлекеттік қызмет түрі толығымен электрондық форматта көрсетіледі. 2024 жылы 1793 мемлекеттік қызмет көрсетілді» деді спикер.

Өз кезегінде салалық мемлекеттік органға цифрландыру алдында процесті оңтайландыру бойынша көмек жайлы мысал келтірілді. Министрдің айтуынша, бұрынғы жылдары шамадан тыс жүк тиелген машина салмақ сенсорымен бекітіліп, камера бөлек суретке түсіп, инспектор қағаз түрінде хаттамада заң бұзушылықты тіркеу үшін машиналар тоқтатылатын. Биыл адами факторды алып тастау жоспарлануда және хаттамалар автоматты түрде ресімделеді. Ол үшін Әкімшілік кодекске өзгерістер енгізіліп, интеграциялық жұмыстар жүргізілуде. Бұл арқылы автожолдардағы көлік инспекторларының саны қысқарып, сыбайлас жемқорлық саны азаяды, сондай-ақ жолдарды пайдалану мерзімі ұзарып, жүк автомобильдерінің қатысуымен орын алатын апатты жағдайлар азаяды.

Astana Hub автожол технологиялары саласында жұмыс істейтін стартаптар мен компанияларды белсенді түрде қолдайды, оларға тәлімгерлікке, акселерациялық бағдарламаларға және инвестицияларға қолжетімділік береді. Бүгінгі таңда Astana Hub-қа автожол және көлік саласында жұмыс істейтін 24 инновациялық жоба тіркелген. Нәтижесінде олардың кірісі 15 млрд теңгені, экспорт көлемі 1 млрд теңгені құрап, 1700-ден астам жұмыс орны ашылды.

«Кейбір компанияларды біз осы отырысқа өз қызметі туралы айтуға шақырдық. Бұл – жақын және алыс шетелдердің нарықтарына шыққан Parqour, Adele Energy Group және Relog отандық компаниялар. Сонымен қатар пилотсыз көлікті пайдалану саласындағы халықаралық тәжірибені де атап өткім келеді. Бірқатар елде, соның ішінде АҚШ, Қытай және Ресейде пилотсыз көлік құралдары тартылған жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Пилотсыз көлік нарығының өзі үлкен әлеуетке ие. Сарапшылардың болжамы бойынша жақын арада осы нарықта экспоненциалды өсім күтілуде. Мысалы, 2035 жылға қарай пилотсыз көлік нарығы $3 трлн-ды құрайды, бұл дегеніміз – шамамен 100 есе өсім» деді спикер.

Сонымен қатар электромобильдер нарығын дамыту үшін жүйелі қолдау қажет. Ол үшін электрлі автокөліктеріне арналған инфрақұрылымды дамыту бағдарламасын әзірлеу және оларды сатып алу үшін ынталандыруға арналған іс-шаралары ұсынылады. Мысалы, кейбір елдерде автотұрақтарға, ақылы жолдарға жеңілдіктер және қоғамдық көлік жолағын пайдалануға рұқсат қолданылады.

# БЕЛГІЛІ АҚЫНДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жақында тағайындалған Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының жаңа директоры, белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлын қабылдады.



Әңгіме, негізінен, қазақ әдебиетінің бүгінгі тынысы, елордалық қаламгерлердің жай-күйі, әдебиеттегі жаңа есімдер жөнінде болды. Бауыржан Бабажанұлы астаналық филиал директоры ретінде алда жасалатын жұмыстар туралы ойын ортаға салды. Шаһар басшысы Жазушылар одағының жобаларына барынша қолдау көрсететінін айтты.

# ДАМУ ЖОСПАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Елордалық мәслихатта Астана қаласы даму жоспарының орындалуы жан-жақты талқыланды. Кендебай Адамбектің төрағалығымен өткен бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын пысықтады.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бюджет саясатын реформалау күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін айтқан болатын. Бюджет тапшылығын ескере отырып, басты міндет – ел экономикасын трансформациялау бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл мәселе қазіргі уақытта Қазақстанда жүзеге асып жатқан мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа форматымен тығыз байланысты.

Былтыр Қазақстанда мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа нұсқасы енгізілді. Жаңа формат мемлекеттік органдар мен өңірлердің даму жоспарларын үйлестірудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Соның аясында қабылданған құжаттар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, бюджеттік жоспарлауды жетілдіруге және ұлттық жобалардың сәтті жүзеге асуына негіз болды. Ал 2023 жылы Қазақстанның жаңа ұлттық даму жоспары негізінде Астана қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары қайта қаралғаны белгілі. Бұл түзетулер Астана дамуының негізгі бағыттарын нақтылап, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.



Астана қаласының даму жоспарын тиімді жүзеге асыру мақсатында цифрлық басқару жүйесі, мониторинг және талдау, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл шаралары қабылданды. Бұл мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Жаңа мемлекеттік жоспарлау жүйесі – Қазақстанның дамуындағы стратегиялық қадамдардың бірі. Осы бағыттағы жетістіктер мен тұрақты жұмыстар елордалық мәслихатта талқыланып, атқарушы органдардың қызметін үйлестіру мәселелері бойынша жаңа шешімдер мен ұсыныстар пысықталды.

Айта кеткен жөн, Тексеру комиссиясы «Астана қаласының 2021-2025 жылдардағы даму жоспарының» орындалуы бойынша біршама олқылық жіберілгенін көрсетті. 2021 және 2022 жылдарға кейбір индикаторлар бойынша толық орындалмау себептері айқындалып, алдағы уақытта алдын алу жолдары қаралды. Әкімшіліктің Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына мүдделі бюджет әкімшілерін үйлестіруді күшейту қатаң тапсырылды. Осы мәселеге арнап бөлек жоспар дайындау қажеттілігі де айтылды. Отырыс нәтижесі бойынша депутаттар тарапынан айтылған ұсыныстар ескеріліп, орындауға мүдделі басқармаларға жіберіледі.

# ӘКЕСІ ДЕ СУ МАМАНЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл «Жұмысшы мамандықтары жылын» жариялағаны белгілі. Атаулы жылы халыққа деген қызметі көзге көріне бермес кейбір сала мамандарына құрмет көрсету басты міндет болып тұр. Ал біз осы мақаламызға арқау еткен кейіпкер – су саласының қызметкері. Дұрысы, 15 жылдан бері табан аудармастан «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында жұмыс істеген һәм әлі де істейтін Қуаныш Сұлтанбаев жайлы әңгіме өрбітпекпіз.



Ержан ҚОЖАС

36 жастағы жігіт ағасы – Түркістан облысының тумасы. Мектеп бітірген соң Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде жоғары білім алыпты. 2010 жылы өзінің қазіргі қызметіне тікелей байланысты «сумен жабдықтау мен кәріз жүйелері» мамандығы бойынша аяқтаған.

«Университетті бітірген соң осындағы 65 жылдық тарихы бар «Астана су арнасы» мекемесінің жөндеу-құрылыс учаскесінде 3-разрядты слесарь болып жұмысқа орналастым. 1,5 жылдан кейін жөндеу-құрылыс учаскесінің шебері болып тағайындалдым. 2012 жылы елордамыздың Сарыарқа ауданындағы кәріз қызметіне шебер болып ауыстым. Ал 3 жылдан соң Есіл ауданы кәріз қызметінің басшысы, 2017 жылдан бастап кәсіпорындағы кәріздендіру жүйесі бөлімінің басшысы болып жұмыс істеп келемін» дейді Қуаныш.

Қуаныштың сөзінше, мекеменің кәріздендіру жүйесінде 320 жұмысшы бар. Тәулік бойы жұмыс істейтін жігіттер көбіне iKomek 109 қызметі арқылы түскен шағымдар мен тапсырыстарға жедел барып, кейбір апаттық жағдайлардың алдын алып жүреді.

«Жалпы біздің мекеменің басты мақсаты – қала халқын таза сумен қамту. Сондай-ақ қалдық, яғни сарқынды суды қала сыртына шығарамыз. Шығарып қана қоймай, оны арнайы сүзгі арқылы бұрынғы таза қалпына келтіру жұмыстарын да атқарады. Өкінішке қарай, әрине, барлығы емес, бірақ кейбір қала тұрғындары су жүретін құбырларға өзге де қалдық заттарын тастап жатады. Осындай ұқыпсыздықтың кесірінен кейде төтенше жағдай туатыны белгілі. Қазіргі уақытта біздің кәріз жүйесінде күндіз 20, ал түнде 3 бригада осындай қызметпен айналысып отыр. Яғни қыстың қатал суығы мен жаздың аптабына қарамастан жарылған кәріз құбырларын ауыстыру, ашық қалған құдықтарды жабу, ішін тазарту, су жүретін жүйелерді жаңалау, сондай-ақ 200-ден астам су сорғы станциясының жұмысын үздіксіз қадағалау сияқты қауырт жұмыстарды атқарамыз» дейді кәріздендіру жүйесі бөлімінің басшысы.

Айта кетейік, Қуаныштың бұл салаға қызығушылығын оятқан әкесі Сайдулла екен. Өйткені ол кісі де осы сумен жабдықтау мен кәріз жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істепті.

Кәсіпорын басшылығының айтуынша, 2012 жылдан бері кәріз қызметінде жұмыс істейтін Қуаныш өзіне жүктелген міндеттерді асқан жауапкершілікпен, жоғары кәсібиликпен атқарып жүр. Тәжірибелі маман ретінде жас мамандарға да үлгі. Ал басшылық сапында ол өзіне тиесілі міндеттемелерге өте мұқият қарайды. Еңбек жолында қала әкімдігі және салалық басқармалардан бірнеше рет құрмет грамотасы және алғыс хатпен марапатталған ол мекемедегі қай шарада да белсенді көрінеді. Төрт бала тәрбиелеп отырған кейіпкеріміз, әсіресе, спорт жарыстарына жиі қатысып, кәсіпорын командасын алға сүйреп жүр.

Астананың коммуналдық қызметтері қар күреу жұмысын тәулік бойы тоқтаусыз жүргізуде. 4 ақпанда күндізгі ауысымда қар күреуге 2630 жол жұмысшысы мен 1783 арнайы техника шықты.

# 2600 ЖҰМЫСШЫ ҚАР КҮРЕДІ

Коммуналдық қызметтер 3681 рейспен қаладан 47 мың текше метрден астам қар шығарды. Қыс мезгілі басталғалы қаладан полигондарға 383545 ауыр жүк рейсімен 4 млн 897 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, онда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Елорда тұрғындары мен қонақтарына жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарға шықпауды, төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласуды ескертеді.



# КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАРҒА ПӘТЕР БЕРІЛДІ

Бас қалада «Халықтың әлеуметтік осал топтары» санаттары үшін қалған 93 пәтер бойынша «Жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасының нәтижесі жарияланды.

«Екі және үш бөлмелі пәтер беруге үміткерлерді іріктеу «Халықтың әлеуметтік осал топтары» санаты бойынша кезекте тұрғандар арасында кезекке қойылған күні және отбасы құрамы бойынша жүзеге асырылды» деп хабарлады Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясының басқармасы.

Бағдарлама бойынша өткен азаматтарға Тұрғын үй орталығының қызметкерлері хабарласып, әрі қарайғы жолдарын түсіндіреді.

Ерекше айта кетерлігі, алаяқтық жағдайдың жиілеуіне байланысты өте сақ болу қажет. Тұрғын үй орталығының қызметкерлері қоңырау шала отырып, ешқашан несиелерді, қарыздарды өтеуді, тұрғын үй беру үшін шотты арестен алып тастауды сұрамайды.

# РЕЙД МАҚСАТЫ – ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ САҚТАУ

Елорданың Сарыарқа ауданында «Заң және тәртіп» жобасы аясында рейдтік іс-шара өтті. Басты мақсат – алкогольдің заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу, сондай-ақ 21 жасқа толмаған азаматтарға темекі өнімдерін сату фактілерін болдырмау.

Тексеру барысында бірқатар сауда орны тексеріліп, заң бұзушылықтар анықталды. Құқық бұзушыларға қатысты әкімшілік шаралар қолданылды, атап айтқанда, 21 жасқа толмаған тұлғаларға темекі өнімдерін, оның ішінде қыздырылатын темекі бұйымдарын, кальян қоспасын және темекіні қыздыру жүйелерін заңсыз сату, алкоголь өнімдерін өткізу талаптарын бұзу.

«Рейд барысында алкоголь мен темекі өнімдерінің заңсыз сатылымы әлі де өзекті мәселе екенін көрсетті. Бұл өнімдердің кәмелетке толмағандарға сатылуы мен контрафакт өнімдерінің айналымы азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді. Мұндай заң бұзушылықтарды жою, қоғамда заңға бағыну мен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін рейдтік іс-шараларды жүйелі түрде жалғастырамыз» деді Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының бас маманы Дамир Хисматуллин.

Аудан әкімдігі кәсіпкерлерді заң талаптарын қатаң сақтауға, ал қала тұрғындарын алкоголь мен темекінің заңсыз сатылу фактілері туралы хабарлауға шақырады.







Ержан ҚОЖАС

# ЖҰРТҚА ҚАЖЕТ ӨНІМДЕР ҮЛЕСІ ӨСТІ

Мемлекет басшысы өз Жолдауында елде отандық өнім шығаруды көптеп қолға алу керектігін айтқан еді. Жұртты осыған ынталандыру қажеттігін баса айтқан Президент халыққа сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындарды көбейтуді тапсырды. Сондай-ақ ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамытуға басымдық беру жағын да ескертті. «Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек» деген болатын Мемлекет басшысы.

## АСТАНА АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Былтырғы жылдың қорытындысымен өңірлер арасында ең жоғары экономикалық өнім көрсеткіші тіркелген 6 аймақ бар. Соның бірі – Астана. Бұл Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкімет отырысында белгілі болды. Жиында Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдегендей, бас қаланың даму нәтижесі барлық салада да орнықты. Артынша қала әкімі Жеңіс Қасымбек те баяндама жасап, өзі басқарып отырған шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі нәтижелерін айтқан еді.

Қала басшысының сөзінше, былтыр елорданың қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 111,5 пайызды құраған. Өңірлік өнім көлемі 15 трлн теңгеден асып, бұл көрсеткіш өсімді 6,5-7 пайыз деңгейде қамтып отыр. 2024 жылдың 9 айындағы жалпы өңірлік өнім көлемі – 9,2 трлн теңге, өсім – 6,8 пайыз. Өткен жылы қала экономикасына 1,9 трлн теңге инвестиция тартылған, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 13 пайызға жоғары. Соның ішінде жеке инвестициялардың үлесі 70 пайызды құрап, 7,2 пайызға өскен (1,3 трлн теңге).

«Қала экономикасының негізі шағын және орта бизнес болып қала береді. Елорданың жалпы өңірлік өнім құрылымындағы шағын және орта бизнес үлесі 72 пайызды құрайды, бұл республикалық орташа деңгейден 2 есе жоғары. Былтыр жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 9,2 пайызға өсті. Мұндай нәтиже, ең алдымен, жүйелі мемлекеттік қолдау мен қолайлы салық режимінің арқасында болып отыр» дейді әкім.

Сондай-ақ елордадағы өнеркәсіп өндірісінің өсімі 6,7 пайызды көрсетіп, 2,5 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 9,8 пайыз өсім бар. Әкімнің айтуынша, елорданың негізгі өнеркәсіптік әлеуеті №1 индустриялық паркте шоғырланған. Оның үлесі елдегі барлық арнайы экономикалық аймақтардың жалпы өндіріс көлемінің 73 пайызын құрап отыр. Тағы бір жаңалық, елорда экономикасын ілгерілету үшін №2 индустриялық парк құрылысын жобалау жұмыстары жүруде. Ал оның бірінші кезеңі 2027 жылы іске қосылады деп жоспарланыпты.

## ҚАЙ САЛАЛАР БАСЫМДЫҚҚА ИЕ?

Расымен, елдің бас қаласы бүгінде инвестициялар тарту орталығына, ең үлкен жобалар астанасына айналғалы қашан?! Жыл өткен сайын елордаға салынған инвестициялар көлемі артып келеді. Әріге бармай-ақ былтырғы жылдың өзінде 13,1% өсіммен 1,9 трлн теңге деңгейінде инвестиция тартылған. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 1,3 трлн теңгені құрапты.

«Инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулы шеңберінде бүгінге дейін елорда аумағында 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция сомасына 129 жоба іске асырылған. Оның ішінде былтыр жоспарланған 22 жоба толығымен іске қосылды. Сонымен қатар, биылғы пул шеңберінде 92,9 млрд теңге сомасына 29 жобаны іске қосу жоспарлануда» дейді «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығының АЭА жобаларын жүзеге асыру департаментінің директоры Алмат Әлімбай.

Астанада бұл саладағы жұмыс жүйесі әбден орныққандай. Инвесторлар мемлекеттік қолдауды, атап айтсақ, инвестициялық келісімшарт негізінде берілетін инвестициялық преференцияларды, сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамаға сәйкес берілетін арнайы экономикалық аймақ (АЭА) жеңілдіктерін пайдаланып келеді. «Бір терезе» қағидаты бойынша инвестицияларды тарту және сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізетін «Астананың даму орталығы», сондай-ақ елорданың арнайы экономикалық аймақтарын басқарушы компания – «Astana Invest» фронт-офисі инвесторлармен тұрақты байланыста. Екіншіден, инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде қала бюджеті салық түсімдерін алады. Тұрақты жұмыс орындары құрылатыны тағы белгілі. Бұл бас қаланың болашағын одан әрі бекемдеуге үлкен септігін тигізетіні анық.

Сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер салатын ішкі инвестициядан басқа, Астанаға шетелдік кәсіпкерлер де тартылады. Әрі олар үшін бизнес жүргізуге қолайы жағдай тудыруға біздің елдің де себепші болатыны белгілі. Тағы бір айта кететін жайт, елордаға инвестор тартуда көбіне-көп өнеркәсіп, агроөнеркәсіп кешені, білім, денсаулық сақтау және туризм салалары басым бағытқа ие болып отыр.

Қазір Астана қаласында екі арнайы экономикалық аймақ (АЭА) жұмыс істейді. Бірі – «Астана – жаңа қала», екіншісі – «Астана-Технополис» экономикалық аймағы. Осы АЭА-тың басқарушы компаниясы – «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы. Бүгінде орталыққа қарасты №1 индустриялық парк жергілікті және шетелдік инвесторлар қаржы құйған зауыт пен өндіріс орындары жыл сайын ашылып жатыр. Аталған паркте локомотивтер, электровоздар шығаратын, арнайы киімдер тігетін, оптикалық құрылғылар, жиһаз бен құрылыс материалдары сияқты түрлі отандық өнім шығаратын көптеген кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

## 30-дан АСА КӘСІПОРЫН БАР

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжановтың айтуынша, елордада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық кәсіпорындар желісін дамытуға ерекше назар аударылып келеді. Қазір қаладағы әлеуметтік маңызы бар 3 түрлі азық-түлік өнімін өндіретін 30-дан астам кәсіпорын бар. Оның ішінде 6 ұн тартатын, 28 нан-тоқаш өнімдерін шығаратын және 1 макарон өнімдерін өндіретін компания жұмыс істейді.

«Былтыр елордада 159 мың тоннадан астам азық-түлік өнімі өндірілді. Оның ішінде 124,6 мың тонна ұн, 15,5 мың тонна нан, 19,3 мың тонна макарон өнімдері бар. Сондай-ақ алдағы 2025-2027 жылдары Астанада аграрлық-өнеркәсіптік кешен саласында 181 миллиард теңге көлемінде 7 инвестициялық жоба іске асырылып, шамамен 1,7 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Жобалар арасында дайын тағамдар мен жартылай фабрикаттар шығаратын, сүт өңдеу, бидайды терең өңдейтін зауыттар және көкөніс сақтау қоймалары бар. Бұл жобаларды 2027 жылға дейін аяқтау жоспарланып отыр» дейді Х.Әкімжанов.

Басқарма басшысының сөзінше, Мемлекет басшысының көкөніс сақтау қоймаларының қуатын арттыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында 2023 жылы Астанада жалпы сыйымдылығы 13 мың тонна болатын 2 көкөніс сақтау қоймасы пайдалануға берілді. 2026 жылы инвестициялық жобалар тізіміне енгізілген тағы бір көкөніс сақтау қоймасы іске қосылмақ. Қазір елордада жалпы сыйымдылығы 47,5 мың тонна болатын 8 көкөніс сақтау қоймасы жұмыс істеп тұр.

## СӨРЕЛЕРДЕ ОТАНДЫҚ ӨНІМ ҮЛЕСІ АРТАДЫ

Жақында Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Алматыдағы ірі сауда желілерін аралап, сауда субъектілерінің өкілдерімен кездескен еді. Кездесуде дүкен сөрелеріндегі отандық өнімдердің үлесін арттыру мәселесі талқыланды. Министрдің айтуынша, аталған мегаполистегі сауда желілерінің елеулі бөлігін отандық өнімдер құрайды. Мұның ішінде әлеуметтік маңызы бар тауарлар, әсіресе сүт өнімдерінің 97%-ы Қазақстанда өндірілген.

«Біз отандық фермерлермен және өндірушілермен тығыз жұмыс істейміз, олардың өнімдерін сауда желілерімізге жеткізуге күш салып жатырмыз. Ірі сауда желілеріндегі көкөністердің барлығы – қазақстандық фермерлердің өнімі. Сондай-ақ құс еті мен өсімдік майы сияқты басқа да әлеуметтік маңызы бар өнімдердің үлесін арттыру маңызды қадам болып отыр» деді министр.

Отандық өндірушілерді одан әрі қолдау мақсатында министр бірқатар бекітілген міндеттемелер туралы айтты. Атап айтқанда, «Қазақстанда жасалған» деген арнайы белгілердің болуы міндеттелген. Сонымен қатар, ішкі сауданы қолдау функциясының заңнамалық түрде Сауда министрлігіне берілуі отандық өндірушілерге үлкен мүмкіндік болып отыр. Бұл шара мемлекеттік қолдау алған сауда объектілеріне сөре кеңістігін 20%-ға арттыруды міндеттейді. Енді дүкен сөрелерінің кемінде 50%-ы отандық азық-түлік өнімдерімен, ал 20%-ы кемінде тұрмыстық тауарлармен толтырылуы тиіс. Әрі бұл тауарлар тұтынушылар үшін көрнекі әрі қолжетімді жерлерге орналастырылуы керек.

«Тұтынушыларды алдауға жол бермеу үшін біз тауарлардың сапасы мен орналасуына қойылатын талаптарды күшейттік. Мысалы, тауарлар дұрыс көршілестік қағидаты бойынша орналастырылуы тиіс. Сүт өнімдері сүт сусындарымен, ал май – майдың балама түрімен қатар тұрмауы қажет» дейді өз сөзінде Арман Шаққалиев.

Министр айтқан отандық өнім мен тауарлардың көпшілікке қолжетімді болуы тек Алматы ғана емес, барлық өңірлерге де тиісті міндет екені белгілі. Әрі бұл елге қажеттіні өз елімізде өндіріп отырған кәсіпкерлер үшін де үлкен қолдау болары анық.

### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ЕЛОРДАДА 2024 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨНІМ КӨЛЕМІ – 9,2 ТРЛН ТЕҢГЕ, ӨСІМ – 6,8 %.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЛА ЭКОНОМИКАСЫНА 1,9 ТРЛН ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛҒАН. СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ 70 %-ДЫ ҚҰРАДЫ.





БЫЛТЫР БАС ҚАЛАДА 159 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ. ЯҒНИ 124,6 МЫҢ ТОННА ҰН, 15,5 МЫҢ ТОННА НАН, 19,3 МЫҢ ТОННА МАКАРОН ӨНІМДЕРІ БАР.

ҚАЗІР АСТАНАДА ЖАЛПЫ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ 47,5 МЫҢ ТОННА БОЛАТЫН 8 КӨКӨНІС САҚТАУ ҚОЙМАСЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР.



# 2024 ЖЫЛҒЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) тиімді қызметін ұйымдастыру бірінші кезекте стратегиялық басымдықтарды дұрыс қалыптастыруды, заңнамаға сәйкес қаржылық бақылаудың мемлекеттік аудитін, сондай-ақ бюджеттік саясаттың жаңа тұжырымдамаларын одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған миссиясын барынша елорда мүддесі үшін тиімді орындауға ұмтылумен байланысты. Өңірлік мүдделерді қорғау мақсатында жергілікті бюджетті тиімді басқару, қаржылық және орындаушылық тәртіпті күшейтуді қажет етеді.

Тексеру комиссиясының негізгі миссиясы жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет активтерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыру, бюджетті атқару кезінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді анықтау бойынша қызмет тиімділігін жүзеге асыру болып табылады. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, бюджеттік және өзге де заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша жүктелген міндеттерді орындауда нәтижеге қол жеткізу барысында бақылау жұмыстарынан басқа, Тексеру комиссиясының алдында ұсынымдарды әзірлей отырып, оларды шешу жөніндегі кешенді тәсілді талап ететін проблемалар шеңбері туындайды.

2024 жылы мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген Тізбесіне сәйкес 15 аудиторлық іс-шара өткізілді (*2023 жылы - 13 аудиторлық іс-шара*), аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлемі 48 объектіде 370,3 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте Тексеру комиссиясының негізгі басымдығы тиімділік аудитін жүргізуге бағытталды. Мысалы, 2024 жылы жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың жалпы санындағы тиімділік аудитінің үлесі 86,7%, сәйкестік аудиті – 13,3% (*2023 жыл: тиімділік аудиті – 100%, сәйкестік аудиті-0%*) құрады.

Жұмыстың осындай тәсілдің нәтижесінде 2024 жылы анықталған бұзушылықтар көлемінің өткен жылмен салыстырғанда 182,1 млрд теңгеден 216,5 млрд теңгеге дейін немесе 18,9%-ға ұлғаюы байқалады.

**Тексеру комиссиясы қызметінің негізгі көрсеткіштері**

| Көрсеткіштердің атауы | Өл. бірлігі | 2023 жыл | 2024 жыл | 2024 жылды 2023 жылмен салыстырғанда % |
|---|---|---|---|---|
| Бақылау іс-шаралары өткізілді | саны | 13 | 15 | 115% |
| Аудит объектілері | саны | 60 | 48 | 80% |
| Барлық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде: | млрд. теңге | 182,1 | 216,5 | 118,9% |
| қаржылық бұзушылықтар сомасы, оның ішінде: | млрд. теңге | 67,5 | 67,6 | 100% |
| өтеуге жататындар | млрд. теңге | 1,5 | 34,5 | 23 есе |
| өтелді | млрд. теңге | 0,5 (33%) | 1,3 (3,6%) | 2,6 есе |
| қалпына келтіруге жататындар | млрд. теңге | 66,0 | 33,1 | 50% |
| қалпына келтірілді | млрд. теңге | 65,0 (98,5%) | 32,4 (97,9%) | 50% |
| тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен активтерінің сомасы | млрд. теңге | 69,6 | 40,9 | 59% |
| бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау сомасы | млрд. теңге | 41,5 | 107,9 | 2,6 есе |

Қаржылық бұзушылықтар сомасы 67,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың (67,5 млрд теңге) деңгейінде қалды.

Бүгінгі таңда қаржылық бұзушылықтардан өтелуге тиіс 34,5 млрд теңгенің 1,3 млрд теңгесі (3,6%) өтелді, қалпына келтіруге тиіс 33,1 млрд теңгенің 32,4 млрд теңгесі (97,9%) қалпына келтірілді (*2023 жылы: 1,5 млрд теңгенің 0,5 млрд теңгесі (33%) өтелді, 66,0 млрд теңгенің 65,0 млрд теңгесі (98,5%) қалпына келтірілді*).

Ағымдағы жылы тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен активтерінің сомасы 40,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 41,2%-ға аз (2023 жылы 69,6 млрд теңге).

Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау сомасы өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе өсіммен 107,9 млрд теңгеге жетті (2023 жылы – 41,5 млрд теңге).

Бұдан басқа, аудит объектілерінің қызметінде бұзушылықтарға жол беру тәуекелдерін тудыратын 1058 рәсімдік бұзушылықтар мен 168 жүйелік кемшіліктер анықталды.

2024 жылы анықталған бұзушылық фактілерінің жалпы сомасының басым бөлігі жергілікті бюджет қаражатына тиесілі, ол 185,1 млрд теңге сомасын немесе бұзушылықтардың жалпы сомасының 85,5%-ды құрады (төмендегі диаграмманы қараңыз).




Бұзушылықтардың қомақты үлесі ҚР Бюджет кодексінің және бюджетті атқару Қағидаларының бұзылуына немесе 83% (179,8 млрд теңге), «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңның және бухгалтерлік есеп жүргізу ережесінің бұзылуына 14,6% (31,7 млрд теңге) жататынын атап өткен жөн.

2024 жылғы аудиторлық іс-шаралардың негізгі қорытындылары бюджеттік жүйе Қағидаттарының бұзылуын, инвестициялық жобаларды жоспарлаудың тиімділігінің төмендігін, олардың уақтылы аяқталмауын, кредиттік қаражаттың қайтарылмау тәуекелдерін, жергілікті бюджеттің шығындарын, сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын және басқа да бұзушылықтардың жалғасуын көрсетеді.

Мысалы, **«Астана-Өрнек» ЖШС және «Астана - Аймақтық Электр желілік компаниясы» АҚ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару аудитімен** заңнаманы бұза отырып, жергілікті бюджеттен республикалық меншіктің 11 объектісін 1,9 млрд теңге сомасында субсидиялауға жол берілгені анықталды, бұл бюджеттік жүйенің дербестігі Қағидатын сақтамағандық, сондай-ақ «Астана-Өрнек» ЖШС қызмет көрсететін 8 объектіні орталықтандырылған жылытуға аудармау нәтижесінде жергілікті бюджетінің экономикалық шығындары 590,5 млн теңгені құрады.

**Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің (бұдан әрі - ДШСК) құрылысына** бөлінген қаражатты пайдалану аудитінің қорытындысы бойынша ДШСК жобалау кезінде қолданыстағы құрылыс нормалары бұзылған, атап айтқанда витражды терезелермен 50%-дан астам шынылауға жол берілгені анықталды, ал нормаларға сәйкес, Астананың климаттық жағдайлары үшін қасбеттің шынылану коэффициенті 25%-дан аспауы тиіс. Сонымен қатар, жұмыстарды орындау кестесін бұза отырып ДШСК бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін жұмыстар 369,5 млн теңге сомасына орындалмаған, сондай-ақ 408,5 млн теңге сомасына жұмыстар мен жабдықтарды қабылдауға жол берілген.

Тағы бір мысал, **қала шетіндегі жол инфрақұрылымын салудың инвестициялық жобаларын жоспарлауды талдау** кезінде құны 3,6 млрд теңге тұратын «Орман отырғызу учаскесі» тұрғын алабын сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу» жобасы бойынша бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану объектіні пайдаланушы ұйымның балансына берілмеген, бұл жобаның тиімсіздігі және тұрғын алапты дамыту перспективасының болмауы себебінен қалыптасты. Сондай-ақ сапасыз орындалған жұмыстар фактілері анықталды, олардың дұрыстығын растамау, негізсіз төлем, қайтарымсыз аванстар беру, сондай-ақ орындалған жұмыстар актілерінде есеп айырысу кезінде коэффициенттерді 889,6 млн теңгеге арттырылған (*негізсіз пайдалану: 270,6 млн теңге - Қордай көшесінен Астана-Қарағанды тас жолына дейінгі учаскеде А62 көшесін салу, 364,0 млн теңге - Интернациональный кентіндегі жолдар мен инженерлік желілерді салу, реконструкциялау 2 кезек*).

Айта кету керек, проблемалық жобаларды талдау Астана қаласында 128 проблемалық жоба, оның ішінде 101,4 млрд теңгеге басталған құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша 83 аяқталмаған жобалар және коммуналдық меншікке берілмеген 45 нысан 91,5 млрд теңгеге есептелгенін көрсетті.

**Астана қаласының білім беру ұйымдарында қаржылық тәртіп жеткіліксіз деңгейде** қалып отырғанын осы салада жүргізілген аудит шеңберінде атап өтілді.

Ішкі бақылаудың жеткіліксіз деңгейі бюджеттен артық шығыстарға әкеп соғатын бұзушылықтарға ықпал етеді. Осылайша, бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты тұлғалар өздерінің карт-шоттарына жалпы сомасы 45,9 млн теңгеге ақшалай қаражат негізсіз аударылған (*№62 мектеп-лицей – 23,9 мың теңге, № 64 мектеп-лицей-8,4 млн теңге, №86 мектеп-гимназия –10,4 млн теңге, №45 мектеп - 3,2 млн теңге*).

Бұдан басқа, жалпы сомасы 47,3 млн теңгеге (№64 мектеп-лицей, № 62 мектеп-лицей, №86 мектеп-гимназия, № 45 мектеп, № 85 мектеп-лицей) белгіленген мөлшерден тыс сыйақылар төлеген, қоса атқарған кезде оқу жүктемесінің нормаларын жалпы сомасы 27,9 млн теңгеге заңсыз арттырылған (*№ 45 мектеп, № 85 мектеп-лицей, №87 мектеп-гимназия, № 64 мектеп-лицей, № 62 мектеп-лицей, №86 мектеп-гимназия, №57 мектеп*), сондай-ақ қоса атқару бойынша қызметкерлерге жалпы сомасы 454,0 млн теңгеге қосымша сыйақы мен жәрдемақы есептелген (ШЖҚ МКК еңбекақы төлеу жүйесі туралы Ережені бұза отырып) және 210,5 млн теңге сомасына сауықтыруға негізсіз төлеген.

**Жасыл екпелерді отырғызу, күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру саласындағы аудит шеңберінде** табиғат пайдалану басқармасы Жасыл белдеу екпелерінің балансында болмауына, сондай-ақ бюджет белдеуі екпелерінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеуіне байланысты Астана қаласының «Жасыл белдеуін» ағымдағы күтіп-ұстауға бағытталған 4,9 млрд теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға жол берілген.

Сонымен қатар, жасыл желектерді ағымдағы күтіп ұстау жөніндегі қызметтердің құнын белгілеу жөніндегі нормативтердің (құрылыс қызметі үшін) дұрыс қолданылмауына байланысты 157,2 млн теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, бұл олардың құнын көрсетілген сомаға асыра бағалауға әкеп соқтырған.

«Астана орманы» ЖШС-нің кадрлық әлеуетін талдау еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен үнемділігі қағидаттарының сақталмағанын көрсетті, бұл еңбекке ақы төлеу бойынша, оның ішінде жұмысшы персоналға жалпы сомасы 317,4 млн теңгеге артық шығыстарға алып келген.

**Жергілікті атқарушы органдардың борышын басқару аудиті** жоспарлаудың елеулі кемшіліктерін көрсетті, бұл алдағы уақытта түпкілікті қарыз алушының кредиттік қаражатты қайтармау тәуекеліне және 2024-2025 жылдары 3,7 млрд теңге сомасына жергілікті бюджеттің шығындарына, «Астана-Теплотранзит» АҚ бөлінген кредиттік қаражатты қайтару тетігінің болмауына әкеп соқтырады. Сонымен қатар, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге соңғы қарыз алушыларға (пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне) бөлінген 637,3 млн теңге сомасына бюджеттік кредиттік қаражатты қайтару қамтамасыз етілмеген.

**Жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді салықтық әкімшілендіру аудиті** корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша нөлдік мәндері бар декларацияларды ұсынған 6 заңды тұлға бойынша 2023 жылғы жылдық табыс болғаны анықталды. Алайда салықтық әкімшілендіру жүргізілмеген, салықтық есептілікке талдау және бақылау толық көлемде жүргізілмеген, нәтижесінде бюджетке 74,4 млн теңге түспеген.

Сонымен қатар, аудит бюджет деңгейлері бойынша төлемнің дұрыстығы бөлігінде әкімшілендіру шараларын қабылдамау фактісін анықтады. Мәселен, 3 салық төлеуші республикалық бюджетке 482,4 млн теңге сомаға КТС төлеген (*«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК - 173,2 млн теңге, «KBI Energy Group» ЖШС - 178,1 млн теңге, «Әскери құрылыс» АҚ - 131,1 млн теңге*), нәтижесінде жергілікті бюджет шығындарына әкеп соқтырған.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептері мен шарттары: аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларының салалық, бюджеттік, қаржылық және өзге де заңнама талаптарын нашар білуі, жекелеген аудит объектілерінің қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, кадрлық, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалануды ведомстволық бақылаудың нашарлығы болып табылады.

Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы аудит нысандарына барлық проблемалық мәселелер мен бұзушылықтар бойынша 62 ұсыным және 171 тапсырма берді. Орындалу мерзімдері аяқталған барлық ұсынымдар мен тапсырмалар толық көлемде орындалды.




2024 жылдың ішінде Тексеру комиссиясы аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша орталық мемлекеттік органдарға олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын жетілдіруге 15 ұсыным жолдағанын атап өткен жөн, оның 7-уі жұмысқа қабылданды.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілерінде жіберілген бұзушылықтар бойынша 74 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұдан басқа, Тексеру комиссиясы уәкілетті органдар мен соттарға әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін 124 материал жіберді. Сондай-ақ Тексеру комиссиясы өзінің тарапынан 39 әкімшілік іс қозғалып, 4,7 млн теңгеге айыппұл салынды.




Жіберілген материалдарды қарау қорытындысы бойынша жалпы сомасы 17,7 млн теңге 140 адамға айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 17,2 млн теңгеге 139 лауазымды тұлға және 0,5 млн теңгеге 1 заңды тұлға жауапкершілікке тартылды, 23 материал бойынша бас тартылды (*Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бұрын айыппұл салған және ескіру мерзімінің аяқталуына байланысты*).

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің болуына байланысты рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін Астана қаласының прокуратурасына 9 материал жолданды.

Барлық проблемалық мәселелер бойынша өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша ақпарат тұрақты негізде мәслихатқа және Астана қаласының әкіміне жіберіледі.

Қаржылық тәртіпті нығайту және тәуекелдерді басқару мақсатында ағымдағы жылы Тексеру комиссиясы бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін талдау және бағалау жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу сапасын арттыруға, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары бұзушылықтарын алдын алуға және азайтуға бағытталған іс-шараларды жалғастыратын болады. Тексеру комиссиясы 16 іс-шара, оның ішінде 967,5 млрд теңгені қамтитын 52 объектіде 13 аудиторлық іс-шара, 3 сараптамалық-талдамалық іс-шара өткізу жоспарланды.

# ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ

Әрбір ұлттың болашағы – оның жастары. Жастар – өркениеттің қозғаушы күші, жаңа идеялардың қайнар көзі, елдің ертеңін қалыптастыратын маңызды буын. Бүгінде Астанада 14 пен 35 жас аралығындағы жастардың саны 455 мың адамды құрап отыр. Оның ішінде жоғары оқу орындарында 95 мың студент оқиды.

Тарихтың қай кезеңіне көз жүгіртсек те, әлемді өзгерткен, қоғамды алға сүйреген әрдайым жігерлі жастар болған. Сондықтан да жастарға артылатын үміт пен жүктелер жауапкершілік қашанда зор.

Қазіргі заманның басты талабы – жан-жақты, рухани бай, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу. Білім мен технологияның дамуы қарқынды жүріп жатқан дәуірде жастар заман талабына сай бейімделіп, үздіксіз дамуға, жаңа белестерді бағындыруға ұмтылуы қажет. Бүгінгі таңда әлемнің кез келген түкпіріндегі ақпаратқа қол жеткізуге, білім алуға мүмкіндік мол. Бірақ мәселе тек білімді алуда емес, оны дұрыс қолдана білуде.

